2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша есептелген тозуға 344,988 мың теңге кіреді (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 341,306 мың теңге), ол сатылған өнімнің өзіндік құнының құрамында, 45,733 мың теңге жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 44,274 мың теңге) бейнеленді. 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша 425,850 мың теңге мөлшеріндегі тозу бойынша шығыстар (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 155,046 мың теңге) кен орнын игеру жөніндегі активтерге капиталға айналдырылды.

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 446,599 мың теңге сомасындағы негізгі құралдар ЕҚДБ-мен арадағы қарыз шарты бойынша қосымша кепілзат ретінде кепілге салынды (14-ескерту) (2017 жылғы 31 желтоқсан: 463,466 мың теңге).

4. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

мың теңге	Жер қойнауын пайдалану құқықтары	Басқасы	Барлығы
2016 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	52,504,453	97,661	52,602,114
Түсімдер (аудиттелмеген)	–	16,113	16,113
Амортизация (аудиттелмеген)	–	(7,418)	(7,418)
2017 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	52,504,453	106,356	52,610,809
2017 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	52,504,453	175,880	52,680,333
Түсімдер (аудиттелмеген)	–	52,113	52,113
Істен шығу (аудиттелмеген)	–	(261)	(179)
Істен шығу бойынша тозу	–	82	82
Амортизация (аудиттелмеген)	–	(16,349)	(16,349)
2018 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	52,504,453	211,465	52,715,918
2017 жылғы 30 маусымдағы бастапқы құны (аудиттелмеген)	52,504,453	154,098	52,658,551
2017 жылғы 30 маусымдағы жинақталған амортизация (аудиттелмеген)	–	(47,742)	(47,742)
2017 жылғы 30 маусымдағы баланстық құны (аудиттелмеген)	52,504,453	106,356	52,610,809
2017 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құны	52,504,453	264,298	52,768,751
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған амортизация	–	(88,418)	(88,418)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны (аудиттелген)	52,504,453	175,880	52,680,333
2018 жылғы 30 маусымдағы бастапқы құны (аудиттелмеген)	52,504,453	316,150	52,820,603
2018 жылғы 30 маусымдағы жинақталған амортизация (аудиттелмеген)	–	(104,685)	(104,685)
2018 жылғы 30 маусымдағы баланстық құны (аудиттелмеген)	52,504,453	211,465	52,715,918

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі материалдық емес активтердің амортизациясына мыналар кіреді: өткізілген өнімнің өзіндік құнының құрамында бейнеленген 143 мың теңге (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 142 мың теңге), жалпы және әкімшілік шығыстар құрамындағы 5,253 мың теңге (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 1,250 мың теңге). 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі амортизация бойынша 10,953 мың теңге мөлшеріндегі шығындар (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай: 6,026 мың теңге) кен орнын игеру бойынша активтерге капиталға айналдырылды.

2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың материалдық емес активтері қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған жоқ.

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

5. БАРЛАУ МЕН БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕР

мың теңге	Барлау мен бағалау бойынша активтер
2016 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	5,854,548
Түсімдер	578,942
Істен шығу	(74,248)
2017 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	6,359,242
2017 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	6,848,471
Түсімдер	415,458
Істен шығу	(767)
Құнсыздану	(1,712,768)
2018 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	5,550,394

Барлау мер бағалау бойынша активтерге келесідей капиталға айналдырылған шығыстар кіреді:

мың теңге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Геологиялық және геофизикалық жұмыстар	6,069,893	5,958,125
Бұрғылау жұмыстары	410,257	–
Кол қойылатын бонус	352,247	358,784
Еңбекақы бойынша шығыстар және тиісті аударымдар	209,973	87,389
Жоба алдындағы құжаттаманы дайындау бойынша қызметтер	81,118	166,780
Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған аударымдар	66,460	66,460
Оқуға аударымдар	29,838	–
Жобаны дайындау бойынша инженерлік жұмыстар	17,841	–
Жер қойнауы туралы ақпарат берілуі үшін төлем	11,899	–
Геологиялық ақпарат	8,734	6,651
Күпиялық туралы келісімнің шеңберінде жер қойнауы туралы ақпараттың пайдалануға берілуі үшін төлем	5,381	–
Баскасы	396,588	601,349
Құнсыздану	(2,109,835)	(397,067)
	5,550,394	6,848,471

6. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

мың теңге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)		2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)	
	Үлес	Сума	Үлес	Сума
«Қазцинк» ЖШС	29.8221%	410,253,229	29.8221%	443,335,588

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

6. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Қауымдастырылған компанияға салынған инвестициялардағы өзгерістер төмендегідей көрсетілген:

мың теңге	
2016 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	434,888,968
Бірлескен кәсіпорындардың және қауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлес	29,799,579
Алынған дивидендтер	(39,268,687)
Инвестицияларды есептілік валютасына қайта есептеуден болған бағамдық айырма	(22,745,767)
2017 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	402,674,093
2017 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	443,335,588
Бірлескен кәсіпорындардың және қауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлес	25,626,874
Алынған дивидендтер	(67,311,600)
Инвестицияларды есептілік валютасына қайта есептеуден болған бағамдық айырма	8,602,367
2018 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	410,253,229

«Қазцинк» ЖШС

«Қазцинк» ЖШС қатысушыларының 2018 жылғы 15 наурыздағы жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 2017 жылдың қорытындысы бойынша алынған «Қазцинк» ЖШС-нің таза табысын үлестіру тәртібі бекітілді. 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде «Қазцинк» ЖШС-нің қатысушыларына төлеуге жарияланған және төленген дивидендтердің жалпы сомасы 232,110,000 мың теңгені құрады, бұл сомадан 7,311,600 мың теңге Топка үлестірілді және ақшалай төленді.

«Қазцинк» ЖШС қатысушыларының 2017 жылғы 16 наурыздағы жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 2016 жылдың қорытындысы бойынша алынған «Қазцинк» ЖШС-нің таза табысын үлестіру тәртібі бекітілді. 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде «Қазцинк» ЖШС-нің қатысушыларына төлеуге жарияланған және төленген дивидендтердің жалпы сомасы 131,676,462 мың теңгені құрады, бұл сомадан 39,268,687 мың теңге Топка үлестірілді және ақшалай төленді.

7. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

мың теңге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Дайын өнім	9,650,836	4,669,231
Аяқталмаған өндіріс	7,217,746	5,955,012
Шикізат пен материалдар	3,074,623	10,163,236
Тауарлар	4,361	-
Минус: өткізудің таза құны бойынша есептен шығару	(1,739)	(68,576)
	19,945,827	20,718,903

«ТАУ-КЕН САМУҒЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

8. КЕЛІСІМШАРТ АЯСЫНДАҒЫ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

мың теңге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Сыртқы ұйымдардың дебиторлық берешегі	606,947	655,879
Минус: күмәнді борыштар бойынша резерв	(58,659)	(10,177)
	548,288	645,702

30 маусымда аяқтыған алты ай ішіндегі күмәнді борыштар бойынша резервтегі өзгеріс төмендегідей көрсетілген:

мың теңге	2018 жыл	2017 жыл
Кезеңін басында (аудиттелген)	10,177	7,728
9-шы ХҚЕС-ті қолданудың әсері	131,182	–
(Қалпына келтірілді) / есептеп жазылды	(82,700)	159
30 маусымда (аудиттелмеген)	58,659	7,887

9. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАНКТІК САЛЫМДАР

мың теңге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Өтеу мерзімі үш айға дейінгі банктік салымдар, теңге	21,073,005	11,828,004
Өтеу мерзімі үш айға дейінгі банктік салымдар, АҚШ доллары	7,614,419	1,785,921
Тенгемен көрсетілген банктердегі шоттар	4,658,317	2,535,797
Еуромен көрсетілген банктердегі шоттар	276,549	1,292
АҚШ долларымен көрсетілген банктердегі шоттар	72,651	3,742,049
Басқа валюталармен көрсетілген банктердегі шоттар	53,567	183
Кассадағы қолма-қол ақша	928	–
Өтеу мерзімі үш айға дейінгі банктік салымдар, еуро	–	141,220
Жолдағы ақшалай қаражат	–	2,326,290
Минус: 9-шы ХҚЕС бойынша резерв	(14,624)	–
	33,734,812	22,360,756

Ақшалай қаражат және оның баламалары бойынша құнсыздануға арналған резервтегі қозғалыс төмендегідей көрсетілген:

мың теңге	2018 жыл	2017 жыл
1 қаңдарда	–	–
9-шы ХҚЕС-ті қолданудың әсері	115,203	–
Кезең ішінде провизияның азаюы	(100,579)	–
30 маусымда	14,624	–

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қысқа мерзімді банктік салымдар Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінде орташа есеппен жылдық 9% мөлшерлемесімен орналастырылды (2017 жылғы 31 желтоқсан: 8.4%).

мың теңге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Қысқа мерзімді банктік салымдар, АҚШ доллары	13,153,736	9,707,480
Қысқа мерзімді банктік салымдар, теңге	759,740	6,294,093
Минус: 9-шы ХҚЕС бойынша резерв	(512,772)	–
	13,400,704	16,001,573

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

9. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАНКТІК САЛЫМДАР (ЖАЛҒАСЫ)

Банктік салымдар бойынша құнсыздануға арналған резервтегі қозғалыс төмендегідей көрсетілген:

мың теңге	2018 жыл	2017 жыл
1 қаңтарда	-	-
9-шы ХҚЕС-ті қолданудың әсері	207,809	-
Есептеп жазылды	304,963	-
30 маусымда	512,772	-

10. КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай мен үш айда жарғылық капиталда өзгеріс байқалған жоқ.

мың теңге	Жай акциялар	
	Саны	Сомасы
2017 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	292,887	252,874,907
Акцияларды шығару (аудиттелмеген)	-	-
2018 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	292,887	252,874,907

Дивидендтер

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Топ Самұрық-Қазына қорына 45,000,000 мың теңге мөлшерінде дивиденд бөлінетінін жариялады және төледі (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: дивиденд болған жоқ).

Бақыланбайтын қатысу үлесі

мың теңге	2017 жыл
2016 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	60,260
Бақыланбайтын қатысу үлесіне тиесілі кезең ішіндегі жиынтық залал, барлығы	(2,710)
2017 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	57,550

мың теңге	2018 жыл
2017 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)	50,625
Бақыланбайтын қатысу үлесіне тиесілі кезең ішіндегі жиынтық залал, барлығы	(9,087)
2018 жылғы 30 маусымда (аудиттелмеген)	41,538

11. КЕЛІСІМШАРТ АЯСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

мың теңге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек (16-ескерту)	5,595,143	5,417,568
Келісімшарт аясындағы міндеттемелер (16-ескерту)	5,519,222	3,655,849
Шет ұйымдарға кредиторлық берешек	3,419,697	3,328,940
Байланысқан тараптарға кредиторлық берешек (16-ескерту)	75,171	19,914
	14,609,233	12,422,271

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

12. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНЕН АЛЫНҒАН ТҮСІМ

мың теңге	30 маусымда аяқталған алты ай ішінде		30 маусымда аяқталған үш ай ішінде	
	2018 жыл (аудиттелмеген)	2017 жыл (аудиттелмеген)	2018 жыл (аудиттелмеген)	2017 жыл (аудиттелмеген)
Алтынды өткізу	113,163,921	94,096,854	68,465,402	54,922,654
Кремнийді өткізу	5,458,917	5,914,751	2,571,239	2,960,985
Аффинаж қызметтері	136,956	136,548	66,356	68,819
Кварцты өткізу	132,790	203	119,389	203
Күмісті өткізу	14,506	1,063,488	14,506	888,211
	118,907,090	101,211,844	71,236,892	58,840,872

13. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

мың теңге	30 маусымда аяқталған алты ай ішінде		30 маусымда аяқталған үш ай ішінде	
	2018 жыл (аудиттелмеген)	2017 жыл (аудиттелмеген)	2018 жыл (аудиттелмеген)	2017 жыл (аудиттелмеген)
Шикізат пен материалдар	122,748,320	90,532,446	63,017,111	51,405,865
Еңбекақы және тиісті аударымдар	528,468	484,954	311,003	242,725
Тозу және амортизация	345,131	341,124	195,119	172,232
Басқасы	534,047	387,334	129,342	659,123
Дайын өнімдегі және аяқталмаған өндірістегі өзгерістер	(5,909,929)	9,306,616	7,119,826	5,862,345
	118,246,037	101,052,474	70,772,401	58,342,290

14. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың қаржы-шаруашылық қызметі жүзеге асырылатын орта

Қазақстанда экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды нарықтық экономиканың талаптарына сай келетін етіп дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көп жағынан бұл реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкіметтің қолданып отырған шараларының тиімділігіне байланысты болады.

Дамушы елдердің нарықтары, соның ішінде Қазақстанның нарығы неғұрлым жоғары дамыған нарықтардан өзгешеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнама тәуекелдеріне тап болып отырады. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі ықтимал, олардың еркін пайымдалу мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақ даму бағыты мемлекеттің салық және кредит-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне үлкен дәрежеде байланысты.

Қазақстанның көп көлемде мұнай мен газ өндіруіне және экспорттауына байланысты Қазақстанның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының әсеріне ерекше душар болады. 2014-2015 жылдарда энергия ресурстарының бағасы айтарлықтай төмендеді. Бұл жағдай экспорт түсімінің елеулі қысқаруына алып келді. 2015 жылғы 20 тамызда Үкімет және ҚРХБ теңгенің еркін құбылатын бағамына негізделген жаңа ақша-кредит саясатына өтетіні туралы мәлімдеді және валюталық дәліздің күшін жойды. Нәтижесінде теңге негізгі шетел валюталарына қатысты елеулі түрде құнсызданды.

2017 жылы мұнайдың құны тұрақтанды және оның болмашы өсуі байқалды. Сонымен қатар теңге бағамы салыстырмалы түрде тұрақтанып, ұлттық валютадағы өтімділік жақсарды. Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясымен Бірыңғай Экономикалық Кеністікке кіреді, ал оған қатысты 2014-2017 жылдарда АҚШ пен Еуропалық Одақ тарапынан экономикалық санкциялар қолданылып, бұл қазақстандық валютаға белгілі бір әсерін тигізді.

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

14. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Топтың қаржы-шаруашылық қызметі жүзеге асырылатын орта (жалғасы)

Топтың басшылығы экономикалық жағдайдың ағымдағы өзгеруін қадағалап отырады және жақын болашақта Топтың бизнесінің орнықтылығын қалыпта ұстау және дамыту үшін қажет деп есептейтін шараларды қолданады. Дегенмен экономикалық жағдайдағы өзгерістердің Топтың қызметінің болашақ нәтижелеріне және қаржылық ахуалына қалай әсер ететінін қазіргі кезде анықтау қиын.

Маусымдық

Топтың негізгі қызметі қатты пайдалы қазбаларды барлау, игеру, өндіру, өңдеу және өткізу болып табылады. Бұл бағыттар аралық кезеңде операциялардың маусымдық немесе циклдық сипатына тап болмайды.

Салық салу

Салық туралы әр түрлі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің ережелері әркез нақты тұжырымдала бермейді, сөйтіп олардың қалай пайымдалатыны жергілікті жерлердегі салық органдары инспекторларының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің лауазымды тұлғаларының пікіріне байланысты болады. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылығы болатын жағдайлар жиі кездеседі.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы қолданыстағы салық заңдарының негізінде анықталатын құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын айыппұл мен өсімпұл жүйесі өте қатан. Айыппұл ықпалшараларына кіретін айыппұлдар әдетте қосымша есептелген салықтар сомасының 50%-ына тең және бұған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептеліп, 1,25 еселенген өсімпұл қосылады. Нәтижесінде айыппұл ықпалшаралары мен өсімпұл сомасы қоса есептелуге тиіс сомалардан елеулі түрде асып түсуі мүмкін. Топтың пікірінше, ол барлық қолданылатын салықтарды төледі немесе есептеді. Анық болмаған жағдайларда Топ салықтық міндеттемелерді басшылықтың негізделген бағалауының негізінде есептеді. Топтың саясаты бойынша, мөлшерін жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен айқындауға болатын қосымша шығын ықтималы қай есепті кезеңде бар болса, әлеуетті міндеттемелерді сол есепті кезеңде есептеу көзделеді.

Қазақстанның салық салу жүйесіне тән болып отырған белгісіздікке орай салықтардың, айыппұл ықпалшаралары мен өсімпұлдың әлеуетті сомасы қазіргі уақытқа дейін шығындарға жатқызылған және 2018 жылғы 30 маусымда есептелген сомалардан асып түсуі мүмкін. Осындай сомалардың есептелу мүмкіндігіне және олардың әлеуетті елеулі сипатына қарамастан, Топтың басшылығы олардың болу ықтималы аз немесе оларды бағалау мүмкін емес немесе бір мезгілде бұл екі жағдай да бар деп есептейді.

Топтың қызметіне және қаржылық ахуалына Қазақстандағы саяси жағдайдың қалай дамиды да, соның ішінде салық салу саласындағы қолданыстағы және болашақ заңнама мен нормативтік-құқықтық актілердің қолданылуы әсер етуі мүмкін. Топ өзінің қызметіне қатысты бұл әлеуетті міндеттемелердің Қазақстандағы өзі сияқты кәсіпорындардың әлеуетті міндеттемелеріне қарағанда неғұрлым елеулі сипаты бар деп есептемейді.

Басшылықтың пікірінше, 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша оның қолданыстағы заңнаманы түсіндіруі дұрыс және Топтың салықтар бойынша ұстанымы қолдау табады деген ықтималдық бар.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелер

Топтың басшылығының пікірінше, қазіргі уақытта Топ қоршаған ортаны қорғау бойынша Қазақстан Республикасының барлық заңдары мен нормативтік актілерін орындап жатыр. Дегенмен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қазақстандық заңдар мен нормативтік актілер өзгеретін жағдайда Топ олардың өзгеруінің мерзімі мен дәрежесін болжай алмайды.

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

14. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Зани мәселелер

Қалыпты шаруашылық қызметі барысында Топ әр түрлі сот процестері мен қуынымдардың объектісі болуы мүмкін. Топ нақты мән-жайларды ескеріп елеулі міндеттемелердің туындау ықтималын бағалайды және міндеттемелерді реттеу үшін ресурстардың жылыстауы қажет етілуі ықтимал болатын және міндеттемелердің сомасын айтарлықтай сенімді түрде өлшеуге болатын жағдайда ғана тиісті резервті аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнелейді.

Топтың басшылығы іс жүзіндегі міндеттемелер, егер ондайлар болатын болса, Топтың ағымдағы қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне елеулі түрде әсер етпейді деп ойлайды. Сол себептен осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте резервтер құрылған жоқ.

Сактандыру

Қазақстанда сактандыру қызметтері нарығы қалыптасу кезеңінде тұр және әлемнің басқа елдерінде тараған сактандырудың көптеген түрлері Қазақстанда әзірге жоқ. Солай болғанымен, Топтың жүргізіліп жатқан геологиялық барлау жұмыстарына қатысты, сондай-ақ үшінші тұлғалардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік бойынша тау-кен саласында жалпы қабылданған қағидаттар деңгейінде жасаған сактандыру өтемі бар. Топтың басшылығының ойынша, 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың сактандыру бағдарламасы Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың негізгі ережелеріне сай келеді.

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар бойынша мынадай міндеттемелері бар:

мың теңге	2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде міндеттемелердің орындалуы (аудиттелмеген)	Ұзақ мерзімді жұмыс бағдарламасы бойынша міндеттемелер		
		2018 жыл	2019 жыл	2020-2026 жылдар
Алайғыр кен орны	1,171,088	6,140,500	–	–
Солтүстік Қатпар кен орны	396,324	364,419	7,337,776	35,512,333
Спасск МКА кен орны	374,119	1,146,681	–	–
Актас кен орны	238,547	1,182,871	490,538	3,227,503
Масал кен орны	93,668	17,796,000	3,652,000	33,100,000
Жоғарғы Қайрақты кен орны	90,612	490,350	81,333	–
Гагарин кен орны	70,862	–	–	–
Шокпар кен орны	44,828	83,958	–	–
Оңтүстік Мойынты алаңы кен орны	1,642	257,013	–	–
Прогресс кен орны	805	204,431	68,937	–
	2,482,495	27,224,908	11,630,584	71,839,836

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

14. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Шалкия кен орнында Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарт бойынша жұмыс бағдарламасына сәйкес «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ-ның шарт аясындағы мынадай міндеттемелері бар:

Мың теңге	Жұмыс бағдарламасының мерзімі, жылдар	2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ең аз жұмыс бағдарламасының орындалған бөлігі	2018 ішіндегі ең аз көлемі	2018-2047 жылдарда орындалуға тиіс көлемі
Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарт				
Шалкия	2002-2047	63,927,867	57,111,548	1,600,118,348

Топтың қызметіне жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарт талаптарының орындалуы жағынан мемлекеттік органдардың тарапынан тексерістер жүргізіледі. Басшылық осындай тексеріс барысында анықталған мәселелерді шешу үшін қажетті түзеу шараларын келісу бойынша мемлекеттік органдармен ынтымақтастық жасайды. Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттарда қамтылған ережелердің орындалмауы айыппұл салынуына, өсімпұл төленуіне, қолданыстағы келісімшарттың шектелуіне, тоқтатыла тұруына немесе қайтып алынуына әкелуі мүмкін. Топ басшылығының пікірінше, келісімшарт талаптарын сақтамауға қатысты кез келген мәселелер келіссөз немесе түзеу шаралары арқылы шешіледі және Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

Қарыздар және кепілдіктер

Еншілес ұйымдардың қарыздары

2016 жылғы 30 желтоқсанда еншілес кәсіпорын «Алайғыр» БК» ЖШС кен өндіру кәсіпорнының, сондай-ақ тау-кен байыту фабрикасының құрылысын салуға және іске пайдалануға беруге байланысты инвестициялық шығыстарды қаржыландыру мақсатында Еуразиялық даму банкімен 56 млн. АҚШ доллары сомасына қарыз туралы шарт жасады. Қарызды төлеу мерзімі 7 жылға тең. Пайыз мөлшерлемесі жылдық 6.25% мөлшерінде белгіленді. Қол қойылған келісімге сәйкес, «Алайғыр» БК» ЖШС келісім күшінде болатын бүкіл мерзімде мемлекеттік, қадағалау, салық органдарының талаптарына сәйкестік; тиісті қаржылық көрсеткіштерді орындау және тағы басқалары сияқты ковенанттарды сақтау бойынша қарыздың талаптарына сай болуға тиіс. Қарыз алынған қарыздың сомасына Топтың кепілдігімен беріледі. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Алайғыр» БК» ЖШС осы кредит желісі бойынша 2,052 мың АҚШ доллары (643,638 мың теңге) сомасында қарыз алды. Осы қарыз бойынша қосымша кепілзат ретінде 446,599 мың теңге сомасындағы негізгі құралдар кепілге салынды.

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

14. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Қарыздар және кепілдіктер (жалғасы)

Еншілес ұйымдардың қарыздары (жалғасы)

2017 жылғы 12 маусымда еншілес кәсіпорын «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ Шалкия кенішінде жаңа байыту фабрикасының, қалдыққойманың, алаң ішіндегі тораптардың, кен беретін кешеннің құрылысын салу және күрделі тау-кен жұмыстарын жүргізу мақсатында Еуропалық қайта құру және даму банкімен (бұдан әрі – «ЕҚДБ») 350 млн. АҚШ долларына дейінгі сомаға кредит келісіміне қол қойды. Осы келісімнің шарттары бойынша негізгі борыш 2021 жылғы 20 маусымнан бастап әр жарты жыл сайын бірдей төлемдермен өтелуге тиіс. Қарыз 2029 жылғы 20 желтоқсандағы жағдай бойынша толық өтелуге тиіс. Осы қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі Лондон банкаралық нарығындағы ұсыныс мөлшерлемесіне (ЛИБОР) тең және оған жылдық 2.5% мөлшеріндегі маржа қосылады. Қарыз Самұрық-Қазына қорының қайтып алынбайтын кепілдігімен және жобаны жүзеге асыруға байланысты келісімшарт талаптарын орындау бойынша Топтың кепілдігімен беріледі. Қол қойылған келісімге сәйкес «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ келісімнің бүкіл қолданылу мерзімінде құрылыс салу мерзімдерін сақтау; мемлекеттік, қадағалау, салық органдарының талаптарына сәйкестік; тиісті қаржылық көрсеткіштерді орындау және сол сияқты басқа да ковенантарды сақтау бойынша ЕҚДБ талаптарына сай болуға тиіс. 2017 жылғы қарашада жобаны қаржыландырудың құрылымы өзгеріп, Самұрық-Қазына қорының жобадағы үлесі 348.7 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды (Самұрық-Қазына қорының Инвестициялық комитетінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №14/17 шешімі). Сәйкесінше, ЕҚДБ-нің қаржыландыру үлесі 295,000 мың АҚШ долларына дейін төмендеді, бұл өзгеріс банкпен жасалған қосымша келісімде ескерілді. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ осы қарыз туралы шарт бойынша ақшалай қаражатты алған жоқ.

2016 жылғы 21 қыркүйекте Компания операциялық қызметін қаржыландыру мақсатында қауымдастырылған компания «Қазцинк» ЖШС-імен 180 млн. АҚШ доллары сомасындағы қарыз туралы шартқа қол қойды. Осы шартқа сәйкес еншілес кәсіпорындар «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» Инвестиция Үйі» ЖШС қарыз сомасының қайтарылуы бойынша кепілгерлер болып табылады. Осы қарызды төлеу мерзімі 3 жылға тең. Пайыз мөлшерлемесі жылдық 3% мөлшерінде белгіленді. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания осы қарыз туралы шарт бойынша ақшалай қаражатты алған жоқ.

2016 жылғы 21 қарашада «Тау-Кен Алтын» ЖШС Самұрық-Қазына қорымен кепілдік шартын жасады, ол бойынша Самұрық-Қазына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен («ҚРҰБ») жасалған өткізу шарты бойынша алтынның болашақ жеткізілімі шеңберінде туындайтын міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ пайдасына 10 млрд. теңгеден аспайтын мөлшерде кепілдік береді.

Операциялық жалгерлік шарттары

2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың операциялық жалгерлік бойынша үзуге болмайтын шарттары жоқ.

Инвестиция сипатындағы шарттар

2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың, жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттан басқа, инвестиция сипатындағы шарттары жоқ.

15. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топ қаржы құралдарын пайдалануының салдарында мынадай тәуекелдерге тап болып отырады:

- нарықтық тәуекел;
- кредит тәуекелі.

Осы Ескертуде Топтың барлық жоғарыда аталған тәуекелдерге тап болуы туралы ақпарат, тәуекелдерді өлшеу және басқару жөніндегі, сондай-ақ Топтың капиталын басқару жөніндегі Топтың саясатының мақсаттары мен процестері келтірілген.

«ТАУ-КЕН САМУҰЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

15. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Топтың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттары Топ тап болып отыратын тәуекелдерді айқындау және талдау, тәуекелдің тиісті шектері мен бақылау құралдарын анықтау, тәуекелге мониторинг жасау және шектерді сақтау үшін белгіленген. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен жүйелер тұрақты негізде қайта қаралады, бұл нарықтық жағдайдағы өзгерістерді және Топтың іс-шараларын бейнелеу үшін қажет.

Нарықтық тәуекел

Пайыз мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі – бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеруіне орай құбылады деген қауіп-қатер. Компания ЕҚДБ-мен жылдық 2,5% құбылмалы пайыздық мөлшерлемесімен және ЛИБОР мөлшерлемесі қосылған қарыз беру туралы келісім жасады. 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ЕҚДБ беретін қарыздың бұл сомасын Топ алмағандықтан, пайыз мөлшерлемесінің өзгеру әсері жоқ.

Кредит тәуекелі

Топ дебиторлық берешекті, ақшалай қаражат пен оның баламаларын және қысқа мерзімді банктік салымдарды қамтитын қаржылық активтерге байланысты кредит тәуекеліне тап болып отырады. Топтың тәуекелі контрагентте дефолт болу мүмкіндігіне байланысты, бұл орайда ең үлкен тәуекел бұл құралдардың баланстық құнына тең.

Валюта тәуекелі

Валюта тәуекелі – бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылады деген қауіп-қатер.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы құралының әділ құны бұл құрал хабарлар тараптардың арасында коммерциялық шарттармен айырбасталуы мүмкін болатын сома ретінде анықталады, тек бұған ол мәжбүрлі түрде сатылатын немесе тарату кезінде сатылатын жағдайлар жатпайды. Топтың пікірінше, 2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің ағымдағы құны шамамен олардың әділ құнына тең.

Әділ құнын бағалау рәсімдері

Топ қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпаратты айқындау және ашып көрсету үшін бағалау әдістерінің келесідей иерархиялық құрылымын қолданады:

- 1-денгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдері (ешбір түзетулерсіз);
- 2-денгей: қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсерін тигізетін барлық бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын ақпаратқа негізделген бағалау үлгілері;
- 3-денгей: аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсерін тигізетін, бірақ нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмеген бастапқы деректер пайдаланылатын бағалау үлгілері.

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

15. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнын бағалау рәсімдері (жалғасы)

Төмендегі кестеле аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша көрсетілген қаржы құралдарына 2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы әділ құн көздері иерархиясының деңгейлері кимасында жасалған талдау назарға ұсынылған:

мың теңге	2018 жылғы 30 маусымда әділ құнның бағалануы (аудиттелмеген)				
	Бағалау күні	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Қаржы активтері					
Қысқа мерзімді банктік салымдар	30.06.2018	–	13,400,704	–	13,400,704
Дебиторлық берешек	30.06.2018	–	548,288	–	548,288
Әділ құны, барлығы		–	13,948,992	–	13,948,992
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер					
Кредиторлық берешек	30.06.2018	–	3,602,842	–	3,602,842
Акционерден алынған қарыздар	30.06.2018	–	643,638	–	643,638
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	30.06.2018	–	5,710,285	–	5,710,285
Әділ құны, барлығы		–	9,956,765	–	9,956,765
2017 жылғы 31 желтоқсанда әділ құнның бағалануы (аудиттелген)					
мың теңге					
	Бағалау күні	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Қаржы активтері					
Қысқа мерзімді банктік салымдар	31.12.2017	–	16,001,573	–	16,001,573
Дебиторлық берешек	31.12.2017	–	645,702	–	645,702
Әділ құны, барлығы		–	16,647,275	–	16,647,275
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер					
Кредиторлық берешек	31.12.2017	–	3,348,854	–	3,348,854
Акционерден алынған қарыздар	31.12.2017	–	3,104,716	–	3,104,716
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	31.12.2017	–	5,417,568	–	5,417,568
Әділ құны, барлығы		–	11,871,385	–	11,871,385

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

15. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнын бағалау рәсімдері (жалғасы)

2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде 1, 2 және 3-деңгейлердің арасында ауыстыру болған жоқ.

Капиталды басқару

Топ берешектің және капиталдың теңгерімін оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін болашақ табысты барынша арттырумен қатар үздіксіз қызмет қағидатын ұстануды жалғастыру үшін өзінің капиталын басқарады.

Топтың капиталын басқару Самұрық-Қазына капиталын басқару стратегиясына қатаң байланысты. Капиталды басқару жөніндегі шешімдердің көп бөлігі Акционердің тиісті комитеттерімен келісіліп қабылданады. Капиталдың құрылымын қалыпта ұстау немесе түзету үшін Самұрық-Қазына қоры Топтың капиталына салымдар енгізуі, қарызға қаржыландыру жасауы немесе барлық елеулі сыртқы қарыздарға кепілдіктер бере отырып үшінші тұлғалардан қарызға қаржыландыру алуға Топқа уәкілеттік беруі мүмкін.

16. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысқан тараптарға Самұрық-Қазына қорының және/немесе Үкіметтің бақылауында тұрған кәсіпорындар, сондай-ақ Самұрық-Қазына қоры және/немесе Үкімет елеулі ықпал ететін немесе бірлесіп бақылау жасайтын компаниялар; Топтың негізгі басқарушы қызметкерлері, Топтың басқарушылар құрамы елеулі акциялар пакетіне тікелей немесе жанама түрде иелік ететін кәсіпорындар кіреді.

Байланысқан тараптармен операциялар тараптардың арасында келісілген, нарықтық жағдайда жүзеге асыру міндетті бола бермеген шарттармен жүргізілді. 2018 жылғы 30 маусымдағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысқан тараптармен жүргізілген операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

Келісімшарт аясындағы міндеттемелер және кредиторлық берешек

мың теңге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелме- ген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
<i>Самұрық-Қазына қорымен байланысты ұйымдар:</i>		
«Қазақстанның Инвестициялық Қоры» АҚ (11-ескерту)	5,595,143	5,417,568
«ҚазМұнайГаз» АҚ	39,129	14,792
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	26,257	163
«KEGOC» АҚ	3,300	–
«Самұрық-Қазына Контракт» АҚ	2,721	98
«Қазақтелеком» АҚ	1,887	1,963
«Қазпошта» АҚ	1,877	2,495
«Қазақстан Темір Жолы» АҚ	–	403
<i>Үкімет бақылайтын ұйымдар:</i>		
ҚР Ұлттық Банкі (11-ескерту)	5,519,222	3,655,849
	11,189,536	9,093,331

«ТАУ-КЕН САМУРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

16. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Берілген аванстар

мың тенге	2018 жылғы 30 маусым (аудиттелме- ген)	2017 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген)
<i>Самұрық-Қазына қорымен байланысты ұйымдар:</i>		
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	34,809	86,752
«ҚазМұнайГаз» АҚ	27,686	–
«KEGOC» АҚ	24,758	24,116
«Қазақстан Темір Жолы» АҚ»	1,544	2,046
«Эйр Астана» АҚ	1,059	2,086
«Самұрық-Қазына Контракт» АҚ	142	284
«Қазпошта» АҚ	123	232
	90,121	115,516

Төменде 2018 және 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде байланысқан тараптармен жүргізілген операциялар көрсетілген:

Сатып алулар

мың тенге	30 маусымда аяқталған алты айда	
	2018 жыл (аудиттелме- ген)	2017 жыл (аудиттелме-ген)
<i>Самұрық-Қазына қорымен байланысты ұйымдар:</i>		
«ҚазМұнайГаз» АҚ	371,357	160,156
«KEGOC» АҚ	363,595	332,837
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	315,125	122,501
«Самұрық-Қазына Контракт» АҚ	33,912	25,675
«Эйр Астана» АҚ	15,997	8,148
«Қазақстан Темір Жолы» АҚ	12,042	16,923
«Қазпошта» АҚ	11,296	13,586
«Қазақтелеком» АҚ	10,494	9,863
«Самұрық-Энерго» АҚ	–	440,525
<i>Топтың қауымдастырылған компаниялары</i>		
«Қазцинк» ЖШС	83	983,837
	1,133,901	2,114,051

Байланысқан тараптарға сату

мың тенге	30 маусымда аяқталған алты айда	
	2018 жыл (аудиттелме- ген)	2017 жыл (аудиттелме-ген)
<i>Үкіметпен байланысты ұйымдар</i>		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	44,659,019	93,824,663
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	154,028	–
<i>Топтың қауымдастырылған компаниялары</i>		
«Қазцинк» ЖШС	–	1,061,474
	44,813,047	94,886,137

«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ БОЙЫНША АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

16. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақы төлеу

2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі басқарушы қызметкерлер құрамына Басқарма мүшелері және Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді және ол екі тәуелсіз директорды қоса алғанда 10 адамнан тұрады (2017 жылғы 30 маусым: 7 адам, соның ішінде екі тәуелсіз директор). 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай мен үш ай ішінде пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға кіргізілген негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақының жалпы сомасы сәйкесінше 47.933 мың теңге мен 18.883 мың теңгені құрады (2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай мен үш ай ішінде: сәйкесінше 37.758 мың теңге мен 18.883 мың теңге).

17. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕКІТУ

Топтың қоса тіркелген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін Компанияның Экономика және қаржы жөніндегі бас директоры және Бас бухгалтері 2018 жылғы 7 тамызда шығаруға бекітті.